

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

2

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2016

НАУРЫЗ
МАРТ
MARCH

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байгулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагиян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**BULETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 360 (2016), 168 – 175

UDC 341.58

ANTHROPOLOGICAL SIDES OF PHILOSOPHY OF SH. KUDAYBERDYULI

Z.K. Ayupova¹, D.U. Kussainov²

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan
zaure567@yandex.ru

Key words: wisdom of Abay, pupils of Abay, Kazakh intellectuals, principle “adam bol”, “three truth”, freedom of spirit, creative abilities of spirit, anthropocentrism, gnoseology, outlook.

Abstract. Any stage of the formation and development of the Kazakh society we have taken, we will see that the intellectuals of the society, and also prominent philosophers always paid the special attention to the problems of life of the person. National philosophers in the traditions of problems of life of the person considered in the course of changes of the person, socialization and the development and formation of the creative person. In this direction domestic philosophers had certain achievements, and also certain lacks. Therefore during the modern period of the formation of sovereign Kazakhstan through the studying of the problems of the person, there are new sides is such actual problem. In this direction the guiding star for the Kazakh people is the principle of Abay “adam bol”. This principle has comprehensively studied by his pupil and follower Shakarim Kudayberdiyuly, who has turned it into the vital principle. His views and understanding of this problem contains in his work “three truth”. Therefore when we more consider creativity and philosophical views of Shakarim more deeply, all of us are more convinced of their accord with ideas of the great teacher - Abay Kunanbayev. To our mind, for the modern youth of our country the spiritual heritage of domestic thinkers always remains actual.

УДК 341.58

АНТРОПОЛОГИЧЕСКИЕ ГРАНИ ФИЛОСОФИИ Ш. КУДАЙБЕРДЫУЛЫ

З.К. Аюпова¹, Д.У. Кусайнов²

¹КазНУ им. аль-Фараби, факультет международных отношений, г. Алматы, Республика Казахстан

²КазНПУ им.Абая, институт истории и права, г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: мудрость Абая, ученики Абая, казахская интеллигенция, принцип «адам бол», «три истины», свобода духа, творческие способности духа, антропоцентризм, гносеология, мировоззрение.

Аннотация. Какую бы стадию становления и развития казахского общества мы ни взяли, мы увидим, что интеллигенция общества, а также видные философы всегда особое внимание уделяли проблемам бытия человека. Отечественные философы в своих традициях проблем бытия человека рассматривали в процессе изменений человека, социализации и в развитии и становлении творческой личности. В данном направлении отечественные философы имели определенные достижения, а также определенные недостатки. Поэтому в современный период становления суверенного Казахстана доскональное изучение проблем человека, его новых граней является актуальной проблемой. В этом направлении путеводной звездой для казахского народа является принцип Абая «адам бол». Данный принцип всесторонне изучил и превратил в свой жизненный принцип его ученик и последователь Шакарим Кудайбердиулы. Его взгляды и понимание данной проблемы содержится в его труде «уш анык». Поэтому когда мы более глубже рассматриваем творчество и философские воззрения Шакарима, мы все более убеждаемся в их созвучии с идеями великого

учителя - Абая Кунанбаева. На наш взгляд, для современной молодежи нашей страны духовное наследие отечественных мыслителей всегда остается актуальным.

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Қазіргі ғаламдану кезеңінің әсері етіп жатқан үрдістерінің арқасында көптеген құндылықтар мен өлшемдер күрт өзгерді. Егемен еліміз осы жағдайларда қарыштап даму үшін жас ұрпақ тәрбиесінде ұлт ұстаздарының яғни қазақ демократиялық интеллигенциясының көрнекті тұлғаларының философиялық ой-өрістерінің астарларына көз жүгірту қазіргі кезде өте өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Себебі адамзат қоғамының дамуы мен қалыптасуының қай кезін алып қарамасақ та, зиялы қауымның, философтардың аса зор көңіл аударатын мәселесі - адам болмысы. Отандық философияның дәстүрлерінде адам болмысы мәселесін адамның қоғамда өзгеру, әлеуметтену, тұлға болып қалыптасу бағыттарында құрастырған. Бұл зерттеулердің әрі жетістіктері, әрі кемшіліктері болды. Сондықтан қазіргі егемен еліміздің даму қажеттіктерінің талабына сай адам болмысы мәселесінің қандай жаңа қырлары мен сырларының бар екенін зерттеп білу өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі.

Ал енді қазақ демократиялық интеллигенциясы дегенде олардың дүниетанымдарының негізін қалыптастырған және бағыт бағдарларын айқындаған ойшыл - Абай. Сондықтанда біз осы зерттеуімізде ең алдымен Абай шығармашылығы мен оның философиялық дүниетанымында адам мәселесі қалай қарастырылғандығын айқындай отырып, содан кейін оның ізбасарлары болып есептелетін ойшылдар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов тағы басқаларының дүниетанымында бұл мәселе қалай қарастырылғанына тоқталамыз.

Қазақтың ғұлама ойшылы Абай үшін адам мәселесі оның философиялық дүниетанымының өзегі болып есептеледі. Абай философиясының арқауы адам. Әрине оны бәріміз білеміз. Қай кезде болса да даналар өз зейіндерін адамға арнаған. Бірақ Абай болса, адам туралы сөзді айта келіп, оны Алланың сөзіне тірейді. Сонда Алланың сөзі бар, адамның сөзі бар. Мәселе сөзде. Платон идея десе, Аристотель формалардың формасы десе, Абай Алла сөзі дейді [1, 31б.].

Бұл жерде Абай Алланың сөзі аксиома сен оны ұқ, қабылда деген діни дәстүрдегі қаракүрсіндікке салмайды, ол Алланың сөзі рас, бірақ оның растығы адамның сөзі арқылы расталмақ деген терең философиялық мәні бар концепция ұсынған.

Абайдың ойлау дәрежесі өте биік, ауқымы кең. Ол өз дүниетанымдық концепцияларында сөзбен, саралы да сырлы сөзбен қазақ болмысының көптеген мәселелерін қойып, шешімін айтып береді, ойға салады. Оның ой толғамының негізгі діңгегі адам төңірегінде, адам болу, адами өмір сүру шарттарын анықтауында. Бұл адам мәселесін қарастыруда Абай дүниежүзілік философиялы ой деңгейіне көтерілген. Адам мәселесі таза күйінде, жалпы заңдылықтар тұрғысынан, адам болудың жалпылама шартты тұрғысынан қарастыра білуі оның мәніне үңілуі, адам ететін негізгі қасиеттерін дәл анықтауы, міне, олардың бәрі осының айғағы. Осы бағыттағы ойларында ол адамгершілік мәселелері туралы да көп толғанған, адамгершілігі жоқ адамның иманы жоқ, иманы жоқ адам ол адам емес, есуас, мақұлық, «санасыз, ойсыз, жарым ес» ондайлардың «сасу», ондайларға жоламай «қашу керек» деген [2, 70 б.].

Білім алуға оқу оқуға шақырғанда Абай кең ауқымда ізденуге, дүниежүзі ғұламаларына сүйенуге, оқығанды, білгенді ізгілік пен, әдеп пен ғибрат пен, имандылық жолынан таймай, адам қажетіне тарту, оның ойын, біліктілігін, адамгершілік қасиеттерін аттыруға, әділдік, бостандық, сұлулық, сүйіспеншілік тұрғысынан көтеруге бағыттайды. Сөйтіп ол жан-жақты дамыған, толықсыған, толған, адам бейнесін, тұлғасын жасайды, сол тұлға үлгісінің деңгейінен жан-жағына сын көзімен қарайды, бұл армандаған образдарына сай адамда таппай қиналады, «сөзінді ұғар адам жоқ» деп тынжылады.

Оның: «Баяғы жартас - бір жартас, қыңқ етер түкті байқамас» [3, 122 б.] - деп «надандардан түңіліп», ақыл ойға құлақ салар адам таппай, «ойлар», «сөз ұғар ел» таппай шарқ ұруы, «жалғыз қалуы», қамығуы - Абай данышпанның жүрегінің түкпірінен шыққан шынайы сезім, халқы үшін, соның болашағы үшін деген күйкі - күйземе, қайғы мұң екені ешқандайда күмән келтірмейді.

Абай өлеңдері адамға деген сүйіспеншілікке толы, бірақ ол жалаң сүй де күй емес, сүйіспеншіліктің ауыртпалығын, мұңлы тіпті қайырлы немесе қайғылы жақтарында айтады, сөйтіп ой өрнегін нақтылап, нәрлеп салады. Өмірдің, тағдырдың, жалғанның екі жағы барлығын, екі жағында ескеру, екеуіне де төзу керектігін, төзімді, қайырымды, тағатты, қанағатшыл болуға баулиды. Адамды сүй, бүкіл адамзатты сүй дейді [3, 123 б.], хақ жолы, имандылық жолы осы деуі Абайдың гуманистік ой-тебіренуінің терең мазмұнын ішкі астарын ашып берерлік қағида. Адамға қастық қылма, «адамдық атын жойма» [3] деп, бүкіл адамзатқа, жан иесіне бір-ақ, бірақта болса ұлы талап қоюы, Абайдың ақын ретіндегі, хакім ретіндегі ұлылығының белгісі.

Алла-тағала адамзатты махаббатпен жаратқан, олай болса әр адам, Алланы өз жанынан артық көріп сүйуі керек, алланы сүю ол жаратқан бүкіл адамзатты сүюмен барабар, міне, осы үш сүю адамның иманы, сенімі, діні. Осы ақиқатты берік ұстау, сақтау, өмір азығындай арқалап өту, осыны терең білу, түсіну шарт, - сонда сен адамдығыңнан айрылмайсың. Осы үш сүюдің қарама-қарсы, оларды бұзатын үш істен, шайтан ісі болып табылатын «пайда, мақтан, әуесқойдан», сақтан, «онан шошы» [3, 304 б.] дейді Абай. Яғни ұлы ақынның айтуынша, әр адамның дүниетанымының, сенімінің түп қазығы, имандай сенер ұйытқысы адамды, адамзатты, алланы сүю; бар ойың, сана сезімің, іс қимылың осы түп қазықтан бастама алса, соны иман тұтса, шайтан ісіне жоламаса, сонда ғана сен адамдық мәніңді сақтайсың, адам атына сай боласың. Егер осы түп қазыққа берік болмасаң, сенімің, иманың таяз болса, қаншама «руза, намаз, зекет, хаж» жасасаңда, яки иман-сенімнің сырт көрінісін, шарттарын орындағаныңмен, ішкі сенімің, иманың таза болмаса, сен адам болмайсың:

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен тартымды бермес жеміс [3, 305 б.]

Пайдакүнемдік, мақтаншақтық, әуесқойлық адамды бұзады, иман жолынан, иман, алла жолынан тайдырады. Бұл - шайтан ісі, өйткені: бұған салынған адам алласын ұмытып, иманынан, шын сенімен айырылады, ол адамды, адамзатты сүюден қалады, нәпсісін тыя алмай күнәға белшесінен батады. Сонан соң қаншама аллаға жалбарынып, намаз қылып, бас ұрғанмен сен мумин бола алмайсың, сен мунафик, екі жүзді адамсың, өйткені ісің шайтанның ісі, тек сөз жүзінде ғана аллалап, оған сенген боласың, иіліп құлшылық қылған боласың. Сөзің ғана емес ісің де таза болсын, имандылықты бұзбасын, адамға жамандық әкелмесін, қорламасын, қиналмасын, қастық қылмасын ісің де аллаға адамға деген сүйіспеншілікке махаббатқа толы болсын, - сонда ғана сен шынайы мұминсің, иманың таза пәк адамсың.

Абайдың бұл айтқандары баяғы көне грек философы Сократтың «адам- өзіңді өзің танып біл» деген афоризмін еске салады, И. Канттың «категориялы императивімен» үндеседі. Ойыңда да ісінде де адамды ұмытпа, ол үшін, әрине, алланы ұмытпауың керек, сенімің берік болуы керек. Әр адамның іс-қимылы, жүріс-тұрысы, қызметі басқа бір адамға залал әкелмесін, еш адамға ешқашан қастандық ойлама да, жасама да, бұл адам өмірінің заңы, иманы. Бұдан тайған - имансыз, екі жүзді, ол адам емес шайтанға еріп, соның еліктеуіне көніп адасқан, бұзылған күнаһар пенде. Иман тазалығының сақтамаған пенденің ойы да, ісі де Һарам, ол - қаскүнем, пайда табамын деп ол адамды жәбірлейді, басқа адамды сатып, оны пайдаланады, өз пайдасы үшін қолданады, қорлайды. Ол саған мақтанады, менменсиді, өзін басқалардан жоғары санайды, басқалар ол үшін тек оның тәлкегінің, пайдаға жұмсауының құралы жұмысқы ақылгөйлігінің құлы болып көрінеді. Сол сияқты мақтаншақтық пен әуесқойлық адамды азғырады, тоздырады, жеңіл-желпі өмір сүруге бастайды, үлкен адами мақсат қою, тұрлаулы оймен еңбек қылудан мұндай пенде безеді, оның сенімінде де, ісінде де тұрақ жоқ, ол жалтақ, қорқақ, жылмаң, есер. Ондай кісі адамдықтан, имандылықтан тез ада болады, одан жақсылық күтпе, оған ерме.

Абай атамыздың бұл айтқандарының үлкен тәрбиелік мәні бар. Ата-бабамыздан келе жатқан «баланы жастан» деген сөзді еске алсақ, баланы «шыр» етіп өмірге келгеннен бастап имандылық рухта тәрбиелеу керек, аллаға сендіру керек, яғни адамға деген сүйіспеншілікке, адалдыққа, ардың тазалығына баулу қажет.

Арғы жағында үлгі боларлық адами мәні, салмағы жоқ бос мақтан, ойын күлкі, орынсыз сөзбен іс баланың жан дүниесіне нәр бермейді. Ал басында имандылыққа толы қарым-қатынас болса, балаға деген сүйіспеншілік басқаларға деген сый-құрметпен жалғасып жатса, сонда ғана тәрбиенің мәнісі бар, ондайды сезіп, көріп өскен бала, көргендігін жасайды, иманжүзді болады, жалпы адамға деген сүйіспеншілік сезім оның көкейіне нық қонады.

Қазақ халқының, қазақ елінің болашағы ұлы ақынның ойынша осындай толыққанды адамның қолында. Бақытты, болашағы зор ел болу иманды, адамгершілігі артқан адамды тәрбиелеу дегенмен барабар. Абай тегінде қазақ қоғамындағы тұлғалы адамның ролін терең сезінген, сондай адам ғана қоғамға ұйытқы, үлгі болатынын, ондай тұлға болмаса «өңкей нөл» қанша жиналса қоғам құрмайтынын, қара тобыр, топ болып қала беретінін білген. Бұдан қандай қортынды жасауға болады? Маркстік-Лениндік тұрғыдан алғанда қоғамдық қатынастар жеке адамға, индивидке қарағанда алда, озық тұрғанды, индивид бұрын қалыптасқан қатынастарды бойына сіңіріп барып қана сол қоғамның төл азаматы деңгейіне көтеріледі, содан кейін ғана ол қоғамға қызмет етіп, оған белсенді өзгерістер енгізе алады, тарих субъектіне айналады. Белгілі мағынада қоғам алғаш, адам мәні қоғамдық қатынастардың жиынтығы, қоғам қандай болса, адам да сондай. Сондықтан алдымен қоғамды күрт, революциялық жолмен өзгертіп, одан кейін сол қоғамға сай адамды қалыптастыру керек. Абай бұл мәселені мүлдем басқадай ойластырған. Қоғам өмірінің түпкілікті негізі, айқындаушы күші адам. Адам қоғамдық өмірдің бастамасы. Адамды тәрбиелеу, адамның аллаға деген сенім-нанымын арттыру, нақты мүмін қылып баулу, осы жолда елдің қамқоры, бастаушысы, ақылшысы боларлық озық тұлғалардың дүниеге келуі, солардың ақыл-ойы, білімі, ерік-күші, белсенді іс әрекеті басқаларға үлгі болып, ел жұртты ұйытып, біріктіріп, өміршең істерге көтеретіні, елдің, қоғамның алға басуы осы жолмен болмақ. Осындай түсінікті ұстаған Абай өзі ел басқаруға қатыспақ болып, талпынған кезіде болған, бірақ сол замандағы билікке, атаққа таластың, қазақ қоғамының патша саясаты әсерінен ыдырауы, алауыздығы, көреалмаушылықтың асқындауы Абайға дес бергізбеген....

Абайдың адам, қоғам, тәрбие туралы жазғандары, терең философиялық мәні бар ойлары қазіргі тәуелсіздікке қол жеткен уақытта ерекше маңызды болып, қазақты өзіне-өзін танытып, бүкіл дүниеге әйгілі қылып, қаз басып келе жатқан ұлттық мемлекетіміздің сүйеніші, арқауы боларлық идеологиялық сипаттағы құндылықтардың негізін қалайтын ойлар жүйесіне айналып отыр. Қазақстан республикасының ұлттық мемлекеттік тұғыры, өміршең идеялардан бастама алғанда ғана іске асатыны, сонда ғана ұлттық тұтастықты сақтап, бұдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын дүниеге келген біртұтас қазақ хандығын құрған, содан кейін де қазақ атын да, затын да сөндірмеген, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымызбен мұраттаса-мұраласа, өмірлеріне жалғаса, сабақтаса бүкіл дүниежүзілік өркениет құндылықтарын өз бойына ұлттық менталитетін жоғалтпай, қайта сол негізде қабылдап, қорытып дами беретіні анық.

Абай шәкірттерінің қатарына жататын інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы адам мәселесін одан әрі қарай үздік жалғастырушылардың бірі. Оның адам мәселесіне қатысты теориялық ізденістері мен позициясына гуманистік алғышарттар мен зерттеу объектісіне деген сындарлы, рационалды қатынас тән. Оның көзқарастары мен дүниетанымындағы адам жөніндегі ойлар жан-жақтылығы мен тереңдігімен ерекшеленеді. Дүниетанымдық позициясына қарайтын болсақ ол - демократ, гуманист, ағартушы, насихатшы, қазақ ұлтының тәуелсіздігінің жолында жаршысы.

Шәкәрім Құдайбердиевтің дүниетанымының қалыптасуы ұзақ эволюциялық дамудан өткендігін айтуымыз керек. Бұл бағытта ол адам көзімен табиғатқа, өзіне, дүниеқұрылымының негіздеріне зерделей үңілуге тырысты. Жалпы философияның басты объектісі мен субъектісі - адам екенін көрсетті.

Адам мәселесі Шәкәрім дүниетанымының орталық тақырыбы болып табылады. Адам феноменін ол табиғат пен тарих мүмкіндіктерінің өзіндік өлшемі материалды дүниенің көптірлі формаларының дамуының үлгісі ретінде қарастырады. Бұл бағыттағы Шәкәрімнің дүниенің «адами сипатына жасаған талдауы оптимистік тұжырымдар мен бұрын болмаған жаңа әрі бірегей концепцияға алып келеді».

Шәкәрімнің дүниетанымында негізінен философиялық антропология мәселелерін көрсеткен мынандай шығармаларын айтуға болады: «Үш анық», «Тіршілік, жан туралы», «Тумақ, өлмек тағдырдың шын қазынасы», «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Адам немене», «Тәңірі мен жан», «Анық пен танық», «Жан мен дене Нәм көңіл», «Жылым - қой, жұлдызым - Июнь» деп басталатын өлеңдері, «Тау басындағы ой» - циклды өлеңдер жинағы [4].

Бұл шығармаларында ойшыл жан мен тән, ақыл-ойлылық пен материалдық, адам танымының қалыптасу жолдары, адамның өмірі мен дүниенің құрылымы сияқты философиялық мәселесі айқын көрініп тұрған дәстүрлі сұрақтарды қарастырады.

Өзінің қандай зерттеулерінде болмасын Шәкәрім ғалам болмысын, адамзат бабиғатын әдеттегі «Құдай жаратты - мен емес», жаратылыс тұрғысынан түсіндіруге, түсінуге жасаған талпыныстары ойшылдың сапалы түрде философиялық жүйе құруға жасаған қадамы болып саналады.

Шәкәрімнің онтологиялық дүниетанымына тоқталатын болсақ: жаратылыс, оның түсінігінше, даму баспалдақтары мен жетілу формаларына жіктеледі. Дүниелік тұтастықтардың түрлі құрылым формаларын горизонтальды түрде Шәкәрім төрт топқа бөледі: бірінші - өсімдік; екінші - жан-жануар; үшінші - адам, төртінші: «алғашқы себеп». Шәкәрім адамды мұнда жер бетіндегі тіршілік түрлерінің бірі ретінде жіктелу сатысының жоғарғы баспалдағына қояды. Бірақта Шәкәрім адамның әлемдік дамуға әсерін мойындағанмен, философиялық антропоцентризмді толығымен қабылдай қойған жоқ. Шәкәрім дүниетанымында, дүние болмысы - біртіндеп туатын, қажеттілігіне қарай белгілі қалыптасқан тәртіппен себеп-салдар қатынасы бойынша дамып отыратын мақсатты процесс. Болмыс, Шәкәрімше - рухтың көрінісі. Ол болмысты шартты түрде үшке бөледі. Бірінші - материалды болмыс немесе табиғи болмыс. Екінші - әлеуметтік болмыс. Үшінші - рухани болмыс. Болмыстың үшінші түрі алдыңғыларының субстанционалды бастамасы болып табылады. Рухани болмыс - белгілі дәрежедегі белсенді күш. Дәл осы рухани болмысты Шәкәрім дүние бірлігінің негізі деп есептейді.

Адам болмысы мәселесіне байланысты ізденістерінде ойшылды, бірінші кезекте адамды материалды әрі рухани табиғаттар бірлігі ретінде қарастыру басты роль атқарды. Бұл бағытқа байланысты Шәкәрімді екі табиғаттың: руханилық пен материалдылықтың арақатынасына байланысты сұрақтар қызықтырды. Адам болмысының алғышарты қашан және қандай формада пайда болды? Адамның қуаты мен жігері, ақыл-ойы кімнен, неден? Адамның сезім мүшелері қалай пайда болды және қалай қызмет етеді?

Бұл мәселелерге жауап іздеу барысында автор өзіне дейінгі жазылған әрі шығыс ғұламаларының әрі европалық ойшылдардың еңбектеріне сүйенді. Бұл зерттеулердің барлығын белгілі дәрежеде меңгере, игере, әрі сынап отырып өзінің қоғамындағы барлық қалыптасқан білімдерге сүйене отырып, адам ұзақ-та күрделі жеке (индивидуалды) және универсалды процестің нәтижесі деген қортындыға келеді. Солкездегі ғылыми фактілермен оқортуларға сүйене жасаған талдауларында Шәкәрім адамға, адамдар қауымына, барлық адамзатқа кеңістік пен уақыт жағдайында тарихи генетикалық болмыстың «тіршілік түйіні» ретінде құрметті орын береді.

Болмыс мәселесіне байланысты Шәкәрім дүниенің бірлігі мен тұтастығына сенім идеясын философиялық көзқарастарының теориялық принципіне айналдырды. Оның түсінігінше адам организмі, тірі мен өлі немесе жан мен тән бірлігінен тұрады. Бұл тек адам құрамына ғана емес, табиғат пен жалпы жаратылыстың да екі бастамадан тұратындығын білдіреді. Өз кезегінде - «заттық» немесе «тәндік» атомдар бөлінісінен көрінеді. Табиғаттағы бүкіл өзгерістер осы болмыс негізі - атомдар мен оған қозғау беретін тірі «қуат» арасындағы қарым-қатынасқа байланысты» деп есептейді ойшыл.

Шәкәрім тіршіліктің «төменгі құрылымынан» жоғарғы форма түріне өсіп, дамып отыратын және қалай болса солай ретсіз, жүйесіз жаратылып емес, қажеттілігіне қарай белгілі тәртіппен себеп-салдар қатынасы бойынша дамып отыратындығын, "адам құрамының" сол тіршіліктің дамуы барысындағы өзара тығыз бірлестіктегі бөлшегі және жаратушы рақымының арқасында жанның ең күрделі түріне ие болған бөлшегі екендігін жазады, және өзінің бұл мәселедегі жаратылыстану-ғылымдық позициясын айқындай түседі.

Табиғат, неше түрлі жан жаратты.

Не үлкен, не кішкентай тән жаратты.

Керексіз, тәнсіз нәрсе жаратқан жоқ,

Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.

Өсімді ең күшті жан адам да тұр,

Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.

Өзгенің бәрі жалғыз адам үшін

Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр [4, 98 б.].

Шәкәрім философиялық ұғымында адам баласының тәндік бөлігі, «сауыты» табиғи жолмен "айуаннан өсіп жаратылса", танымдық, психологиялық, қабілеті жан шарапаты арқасында қалыптасады. Өйткені, адам жаратылысы үстінде табиғат болып көрмеген дарындылық танытып, өз дамуы сатысында ілгері қарай үлкен қадам жасаған: оған жан-жануарлардың бойындағыдан

айрықша ақылды жан немесе таза ақыл берген. Таза ақыл - адам жаны қабілетінің көрініс беруі. Таза ақылдың арқасында адам абстрактылықты меңгереді, пайдалыны зияндыдан ажыратады.

Өз дүниетанымында Шәкәрім адамды культ дәрежесіне көтеруден, адамды - "микрокосмос", ал жалпы космосты "үлкен адамға" теңеуден аулақ. Адамның табиғи -биологиялық тіршілік ретіндегі аяқталған түр екенін айтқанмен, дәл Адамда, Адам арқылы Жаратушы өзін танып біледі дегенді айтпайды. Өйткені, Шәкәрімдегі Тәңірі адам тұлғаланбаған, адамша бейнеленбеген, сондықтан тек қана өзіне тән болмыста болады.

Бұл бағыттағы Шәкәрім теориясы қарапайым: Адам бейнесінде туғанмен, ол өз жанын танып білмей, ұжданға ие болмай тұрып, «толық адам» дәрежесіне көтеріле алмайды, сондықтан адам болып туғанмен ол дүниеге жету оның түсінігінше күрделі процесс.

Шәкәрімнің адам генезисі мәселесіндегі концепциясының ерекшеліктері неде?

Оның философиялық монизм бағытын тірі және өлі тіршілік формаларынан саналы түрде көктей өткізуінде. Жан мен тән арақатынасы принципін түсіндіре отырып, Шәкәрім органикалық және неорганикалық заттардың ауысу процесіне тоқталады. Бірақ, дәстүрлі «тән өледі, жан басқа денеге көшеді» - деген жауап оны қанағаттандырмайды, ол бұл мәселеге ғылыми дәлелдер іздейді, бұл мәселеге ой толғаныстарын жасайды.

Оның түсінігінше, магнетизм, электр тартылысы және химиялық қосылыстар табиғатта, жалпы тіршілікте түр қалыптастырушы ролін атқарады. Дүниедегі «мәңгі заңдар» үстемдігі мен табиғат құбылыстарының жалпылығы туралы қорытынды Шәкәрім идеяларының негізінде жатыр және бұл ой тірі және өлі табиғаттың табиғи, генеологиялық бірлігі жөніндегі идеямен тығыз байланыста қарастырылады.

Одан әрі адамның өсімдік пен жан-жануарлардан айырмашылығын айта келіп, өсімдіктердегі сезімдік жанның, «жылылықта өсіп-өніп суықты сезуге ғана» жарайтындығын, жануарлардағы жан « аңғарып, ойлағанмен, бірінен-бірі есті шебер болғанмен, толық терең ақыл тек адамнан ғана шығады», - дейді. Бұл ойлардың барлығы ойшылдың XVIII ғасыр антропологиялық ілімдерімен таныс болғанын айтады. Және осы шығармасында Шәкәрім алға қарай үлкен қадам жасады деп есептейміз: ол табиғаттағы өзгергіш түрлердің өзіндік жетімділігі, өзіндік өндіру теориясын негіздеді, және табиғаттағы өмір формаларының қозғаушы күштерінің белгілі бір заңдылыққа бағынатынын түсінеді.

Шәкәрім адам мен оның дүниедегі орны мәселесінде адам жөніндегі діни ілімдерге өз шешімін қарсы қояды. Ол тәннің және жанның бөлінген және ыдыраған бөлшектері басқа құрамға ауысады деп есептейді. Яғни, көп жыл бұрын өлген адам бөлшектері болса, келесі бір адамда тіршілік етеді. Әйтсе де Шәкәрім мойындайтын «айналыс» тұйық емес, керісінше, спираль түріндегі күрделі, жоғары өрлеп отыратын үдемелі процесс. Сондықтан да оның философиясында диалектикалық және тарихилық принципі айқын көрініп тұрады, бұл ойшылдың сол кездегі маркстік философиядан толық хабардар болғанын көрсетеді.

Ойшыл өзінің антропологиясы шеңберінде физиологиялық пен руханилық арасындағы бөліністі ғана емес, адам іс-әрекетіндегі практикалық пен теориялық алшақтықты да жеңуге тырысты, оларды бір-бірімен байланыстыруға әрекеттенеді.

Қазақ ойшылы адамды табиғаттың тұтастығы идеясы тұрғысынан қарастырады. Оның философиялық монизмі адамның дүниемен универсалдылығы, байланыстылығы идеясымен ұштасады, және адамның қоршап тұрған табиғатпен түсіністік гармониясын аңсайды, себебі адам басқа адамдармен, органикалық және неорганикалық дүниемен, Космоспен біртұтас. Адам олармен тек қана ақыл-ой ортақтығымен ғана емес, құрамының бірлестігі мен даму заңдарының жалпылығымен, белсенділігімен байланысты. Сондықтан да адамды жердегіден, космостық дүниеден бөлуге болмайды. Оны басқа түрлерменен байланыста, туыстықта құрастыру керек екенін ескертеді. Яғни, Шәкәрім механистік және органицистік варианттағы метафизикаға философиялық антропологияны және эволюционизм принциптерін қарсы қояды.

Бұл бағытта ол метафизикалық ұғымдардың біржақтылығын жойып, оларды бірлікте синтездеуге тырысты. Шәкәрім адам санасының индивидуалдылығын қалыптастыруда әлеуметтік ортаның ролін бөліп-жарып жатпай, ойды саналық тегі бар, табиғи жолмен пайда болған табиғи күш ретінде қарастырады және ойлылықтың немесе «терең ақылдың» жаратылыстың төменгі сатысындағы тіршілік иелерінің ешқайсысына емес, тек қана адамға тән екендігін дәлелдейді. Бұл пікірі эволюциялық антропологиялық бағдарға ие.

Жоғарғы ойларды қорыта келе оның адамға беретін сипаттамасы тарихи-философиялық қызығушылық туғызады. Өйткені ол қазақ ойшылының жаратылыстану ғылымдарына және антропологиялық мәліметтерге қандай дәрежеде сүйенгені және олардың Шәкәрімнің философиясында қай түрде көрініс тапқанын байқауға мүмкіндік береді. Ойшыл еңбектерінің антропологиялық табиғаты автордың адам болмысының қасиеттері мен қызметтерін сипаттаумен ғана емес, сонымен қатар, өз ортасының барлық элементтерімен тығыз бірліктегі адамды аспан астындағы басты феноменге айналдыруынан, адамды басқа тіршіліктер түрлерімен үйлестіруге тырысуынан көрінеді.

Шәкәрім өзінің адам табиғаты деген ұғымына адамның тіршіліктің жоғарғы тәртібіне қатыстылығын, «жоғарғы құрылымға иелігін», адамдағы «тәнділік» пен «жандылық» бірлестігін рухани күші мен қоғамдық болмыс жағдайы мәнін бере отырып қолданады...

Ал жан деген не? «Жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын, тіпті барған сайын жоғарылайтын нәрсе» [5, 29 б.] . «Жан менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын алуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгеретін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлықтың ішінде бар болып жүреді» [5, 29 б.]. Сонымен, Шәкәрімде, жан-денедегі қозғаушы күш. Тән - жанның өмір сүрер орны. Жан материалды емес, бірақ тек денеде өмір сүреді. Тән бұзылып, бүлінуі мүмкін, ал жан өлмейді.

Одан әрі қарай Аристотель үлгісінде жанды түр-түрге жіктеу әрекеті басталады. «Мәселен, инстинкт - сезімді жан, сознание - аңғарлық жан, мысль - ойлайтын жан, ум - ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады. Бұлай әр түрлі болуы, менің ойымша, дене бітіміне, себептеріне қарай болады. Дене әртүрге түскені сияқты жан да өсіп, өніп жоғарылайды. Өсімдіктердегі жандар сезімді ғана... Аңғару, ойлау, ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ, олардың да бірінен-бірі шебер, оны теріп жазбасақ та әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық, терең ақыл адамнан шығады» [5, 29 б.].

Ойға оралатын кезекті онтологиялық сұрақ: дене мен денедегі жан арақатынасы қандай? Шәкәрімде оған да жауап дайын: «Дене жаннан қалай әсер алады? Денелердің жаннан тез әсер алатыны да бар, жайырақ әсер алатыны да бар» [5, 28 б.] деп келіп, үй қояны мен түйе, піл сияқты хайуандардың буаздылығын мысалға келтіреді. «Және дененің жаннан әсер алмастай болып өліп қалғандай болады. Мәселен, тас, қу сүйек, құм, күл сияқтылар, олар не жанып, не шіріп қалғандар. Бірақ, менің ойымша, тіпті заманынан кейін олар да жанмен қосылып сезімденуге жараса керек» [5, 28 б.].

Жанның адам тәнімен қатынасын, бірлігі және бөлінуін, тән өлген соң қалай, қайда барарын Шәкәрім жаратылыстану ғылымдарының оптимистік принциптеріне сүйене отырып қарастырады. Алдымен Шәкәрім табиғатты пантеистік, материалистік түсініктермен тексеріп көреді. Бұл ойларында XIX ғасырдағы физиология, психология, механика, органика, физика, химия, биология, ботаника, зоология, палеонтология ғылымдарының даму дәрежесі көрінеді. «Су мен топырақ жылылықтан өсімдік шығарғандай, тасқа ауа, су жылылығы сияқты себептер қосылып қана шығарып тұр» [5, 28 б.]. Бірақ, Шәкәрімде «жанның денелерге қосылып кетуіне ешбір дәлел жоқ» [5, 28 б.]. Бұл жөніндегі оның бар қорытындысы: «жанның денеше қосылмайтындығы. Және қосылады десек те оңай бөлінетіндігі» [5, 28 б.].

Еңбектерінде қолданған методологиялық шарттарының қарапайымдылығына қарамастан Шәкәрімнің философиялық қызығушылығының онтологиялық шеңбері «заттылық» пен «ойлылық» формаларының өзара байланыс және өзара ауысу диалектикасын ашуға жақын келді. Шәкәрімнің жанның жойылмайтындығы жөніндегі ойлары болмас заттарының өткіншілігінің, материалды дүние формаларының ауысу мүмкіндігін мойындады. Мұндай мысалдарды көптен келтіре отырып, Шәкәрім, тіпті «жанған, шіріген денелерден шыққан иіс, жалындар да біржола жоғалмай, қайта айналып осы барлықтың ішінде бар болып жүретіндігін» айтады. Шәкәрім түсінігін де дене жайы осылай болғанда, шығу тегі айрықша Басқы Себептен берілетін жан өлмейді, керісінше, «қасиеттерінің бір де бірі дене істеріне, дене қасиеттеріне тіпті ұқсамайтынына қарағанда, денеше бір бұзылып, бір түзелмей бірте-бірте жоғарылауына қарағанда келесі айналыста мұнан да жоғарылап, зор қасиетке ие болуы байқалады». Немесе, жоғалмағанмен ыдырап, бір күйде ұзақ уақыт қалып қоюы мүмкін. Тәнге қарағанда, жан бір күйден келесі жаңа күйге, жоғары сапаға көшіп, басқа денеде жаңа тіршілік бастайды.

Гносеологиялық идеяларында Шәкәрім таным мәселесін тіршілік жаратылысы, адам табиғаты, сыртқы дүниені тануға ерекше қасиеті - «толық ақылды» ескере отырып қарастыруды ұсынды. Оның басты гносеологиялық шарты: адамды табиғатпен тұтастықта және бұл бірліктен тыс, яғни өзіне тән индивидуалды, түрлік, тектік және қоғамдық ерекшеліктері бар айрықша феномені ретінде қарастыру жөніндегі талап.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Есімов Ф. Абай-Хакім. – Алматы. – 1994. – 31 бет.
- [2] Абай. Қара Сөз. – Алматы Ел Баспасы. – 1993. – 70 бет.
- [3] Құнанбаев Абай. Шығармаларының 2 томдық толық жинағы. – 1 том. – Алматы. – 1977. – 122 бет.
- [4] Ш. Құдайбердіұлы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 230 бет.
- [5] Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми әдеби орталығы. Алматы. – 1991. – 80 бет.

REFERENCES

- [1] Esimov G. Abai-Khakim. Almaty. 1994. 31 p. (in Kaz.).
- [2] Abai. Words. Almaty. El baspasy. 1993. 70 p. (in Kaz.).
- [3] Kunanbayev Abai. – Works in 2 volumes. 1 volume.- Almaty. 1977. 122 p. (in Kaz.).
- [4] Sh. Kudaibrduyli works. Almaty. Zhazushi. 1988. 230 p. (in Kaz.).
- [5] Kudaibrduyli Sh. Three truth. Kazakhstan and Gaklya scientific literature centre. Almaty. 1991. 80 p. (in Kaz.).

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

З.К. Аюпова, Д.Ө. Құсайынов

Кілттік сөздер: Абай даналығы, Абайдың шәкірттері, қазақ зиялылары, адам бол принципі, үш анық, рухтың еркіндігі, рух жасанпаздығы, антропоцентризм, гносеология, дүниетаным.

Андатпа. Адамзат қоғамының дамуы мен қалыптасуының қай кезін алып қарамасақ та, зиялы қауымның, философтардың аса зор көңіл аударатын мәселесі - адам болмысы. Отандық философияның дәстүрлерінде адам болмысы мәселесін адамның қоғамда өзгеру, әлеуметтену, тұлға болып қалыптасу бағыттарында құрастырған. Бұл зерттеулердің әрі жетістіктері, әрі кемшіліктері болды. Сондықтан қазіргі егемен еліміздің даму қажеттіктерінің талабына сай адам болмысы мәселесінің қандай жаңа қырлары мен сырларының бар екенін зерттеп білу өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Осы бағытта Абайдың «Адам бол» принципін терең түсініп, оның мәні мен маңызын толық игерген және осы бағыттағы өзінің өмірлік бағдар шамына айналдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы болатын. Оның осы бағыттағы ой толғалдарының қайнар бұлағы мен ең терең наным сенімдері «Үш анық» еңбегінде айқын көрініс тауып мәселені жан-жақты айқара ашты. Ал енді Шәкәрім Құдайбердіұлы дегенде оның дүниетанымдарының негізін қалыптастырған және бағыт бағдарларын айқындаған ойшыл - Абай. Сондықтанда біз осы зерттеуімізде ең алдымен Абай шығармашылығы мен оның философиялық дүниетанымында адам мәселесі қалай қарастырылғандығын айқындай отырып, содан кейін оның ізбасарлары болып есептелетін ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлына және тағы басқаларының дүниетанымында бұл мәселе қалай қарастырылғанына тоқталамыз.

Поступила 13.04.2016 г.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 19.04.2016.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
13,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.